



Автор: Оспанова Несібелі Қалбаевна

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Туған өлкем

Тақырып: Қандай көлік түрлері бар?

Сабақ негізделген оқу мақсаттары	2.1.4.3көлік түрлерін, олардыңқажеттілігін ажырату 2.1.4.4 қоғамдық көліктегі өзін өзі ұстау ережелерін түсіндіру
Сабақ нәтижесі	Барлық оқушы орындайды: Көлік түрлерін біледі және ажырата алады; Көпшілігі орындайды: Көлік түрлерін топқа ажыратады және көліктегі өзін-өзі ұстау ережелерін анықтай алады; Кейбір орындайды: Болашақтың көлігін сала алады және өз бетімен қауіпсіздік ережесін құрастыра алады.
Бағалау критерий	Көлік түрлерін біледі және ажыратады; Көлік түрлерін топқа ажыратады және көліктегі өзін-өзі ұстау ережелерін анықтайды; Болашақтың көлігін сала алады және өз бетімен қауіпсіздік ережесін құрастырады
Ресурстары	Оқулық ,суреттер, кеспе қағаздар т.б.
Әдіс - тәсілдер	Сұрақ - жауап, Әңгімелеу түсініру ойын
Пән аралық байланыс	Көркем еңбек-суреттерді анықтайды,бояйды. Орыс тілі-берілген көлік атаулары орыс тілінде айтылады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басталуы (5 мин)	Психологиялық ахуал қалыптастыру Қайырлы күн, балалар! Көңіл-күйлерің қалай? -Қазір бізде қандай сабақ? -Дүниетану Дүниетану сабағын Зейін қойып оқимыз, Берілген тапсырманың барлығын, Беске орындап береміз. -Рахмет, балалар. Менің бүгінгі сабақта сендерге тілерім ұшқыр ой, ойларыңа - саналы сөз тілеймін.	Жақсы көңіл -күй тілеу
Жаңа білім (10 мин)	Білу және түсіну Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. Кеудесінде жаны жоқ, Тамырында қаны жоқ. Май жейді. Су ішеді. Бұл не? -Бұл: Көлік -Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай болуы мүмкін? -Дұрыс айтасыңдар. Көлікке байланысты. Ертеде адамдар бар ауыр жүкті өздері арқаларына салып баратын жерлеріне жаяу барған. Содан адамдар көлік ретінде ең алғаш үй жануарларын пайдаланған. Қазақ халқы ат,түйені көлік қылып мінсе,үндістер пілді,ал кейбір шығыс халқы есек,бұқаларды көлік қылған екен. Содан кейін адамдар ең алғаш көлікті ойлап тапқан оған күйме-онымен адамдар баратын жерлеріне барған,ат арба онымен адамдар шөп,ауыр жүк тасыған. Қазіргі таңда бұл көліктердің маңызы төмендеді.Қазір көліктердің түрлері өте көп оларды бірнеше топқа бөлуге болады мысалы: суда жүзетін, жерде жүретін, әуеде ұшатын және жер асты көліктері.	Оқулық мәтіндер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ортасы (10 мин)	<p>Қолдану</p> <p>1-тапсырма «Кім жылдам?» ойыны.</p> <p>Топтық жұмыс:Күн шұғыласы беріліп, соған көлік атауларын жазу.</p> <p>1-топ : Жерде жүретін көлік түрлерін жаз</p> <p>2 – топ: Әуеде ұшатын көлік түрлерін жаз.Әуеде ұшатын көлік түрлеріне не жатады?</p> <p>3-топ: Суда жүзетін көлік түрлерін жаз</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жеңіл көлік түрлерін айтады -Әуеде ұшатын көлік түрлерін атайды -Суда жүзетін көлік түрлерін ажыратады 	Оқулық, топтық тапсырмалар
Сергіту сәті (2 мин)	<p>Сергіту сәті</p> <p>"Көңілді күн"</p>	Видеожазба
Аяқталуы Сабақтымбекіту (10 мин)	<p>2-тапсырма. Жұптық жұмыс.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Суретте бейнеленген ертедегі және бүгінгі күннің көлік түрлерін салыстыр.Ертедегі көліктерді бүгінгі тұрмыста қолданылуына мысал келтір <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • -ертедегі және бүгінгі көлікті салыстырады; • -көліктердің қолдануына мысал келтіреді; 	Жұптық жұмыс
Кері байланыс (3мин)	<p>«Рефлексиялық шеңбер»</p> <p>Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді. Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен? Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды? Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз?</p>	Рефлексиялық шеңбер
Үйге тапсырма	Тақырыпты мазмұндау	